

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ МЕНЕДЖМЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ**




# **Қазақ ономастикасының қазіргі жағдайы**

**Иманбердиева С.К.,**  
филол. ғ.д., профессор, «Қазақ және орыс тілдері»  
кафедрасы

**Алматы, 20.05.2015**

# Онимдердің түрлері



# АНТРОПОНИМДЕР

Қате берілу үлгілері:

Әріптің түсіп қалуы: Аяулым/**Аяулм**;

Ь қосып жазу: Айгүл/**Айгуль**;

Төл дыбыстардың орнына басқа әріп жазу:

Әйгерім/Айгерим, Әйгерим, Айгерім; **Нұргүл/Нургуль, Нұргуль**;

Ұлттық кісі есімдеріне жат түрлерінің қалыптасуы, яғни транспозицияның сырт қалуы: Тілеуқабыл/**Телекабель**;

«а» әрпін қосып жазу: Айман /**Аймана**, Анар/**Анара**;

дж тіркесінде беру: Жамбыл/**Джамбыл/Джамбул**,

Жамилә/**Джамиля**;

қазақ тіліндегі үлгісінде де -овна/-евна түрінде беру:

Бегалықызы/Бегалиевна;

т.б.

## **Нұсқаулықтың артықшылығы:**

Қазақ есімдері Қазақстан Республикасында орыс тіліндегі (ресми тілдегі) нұсқасында да қазақ тілінің орфографиялық заңы бойынша, осы нұсқаулықты негізге ала отырып, мемлекеттік тілде жазылады; Қазақ азаматтарының аты-жөні мемлекеттік ономастика комиссиясының ұйғарымы бойынша **екі немесе үш мүшелі нұсқада** жазылуы: а) **Жақан Оспанұлы Айдарбек**, ә) **Азамат Бектайұлы**; Әрбір азамат өз атын немесе әке аты мен тегін Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы» Заңына сәйкес осы Нұсқаулықты негізге ала отырып, өзгертуіне ерікті;

**ҚАЗАҚСТАН  
ТОПОНИМДЕРІНІҢ  
БОЛАШАҒЫ**

Қоғам тұрмысының өзгеруі,  
тұрғылықты халықтың өзгеруі, тілдің  
дамуы және басқа да себептер  
атаулардың қолданысына қарай  
белгілі бір дәрежеде өзгеруіне  
әкеледі. Мәселен, *Қызылжар* –  
*Петропавл; Семипалатинск – Семей;*  
*Усть-Каменогорск – Өскемен; т.б.*

Е.А.Керімбаев Қазақстанда мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан табиғи топонимдер ішіне жасанды атаулардың еніп, кері әсер еткендігін айтады және жасанды атаулардың Қазақстанда қалыптасу себептерін көрсеткен:

Идеологиялық көзқарас:

- а) патша өкіметінің әсері;
- ә) кеңес өкіметінің әсері;

Жаңа кезең мәселелері:

- а) әлеуметті-экономиканың әсері;
- ә) тілдік бағыт (унификация, кодификация).

Қазақ жерінде зерттеушілердің деректері бойынша 85 мың өзен, 50 мыңдай көл бар екен, өзендердің ірілері: *Ертіс, Есіл, Сырдария, Орал, Іле, Нұра, Тобыл, Шу, Талас* т.б. Ал ірі көлдерге *Балқаш, Алакөл, Сасықкөл, Құсмұрын, Марқакөл* т.б. жатады.

Ғ.Қоңқашпаев өз зерттеуінде Қазақстан топонимдерінің құрамынан 200 моңғол тілінен шыққан жер-су атауларын атап көрсеткен [6].



Қазіргі кезде кеңес өкіметі ыдырағаннан кейін көршілес жатқан елдерде топонимдердің шығу тегіне қатысты даулар бар, мәселен, Әзірбайжан жеріндегі топонимдердің «саяси түрде түркілендіруіне» қатысты армян топонимистері бірнеше сұхбат берген. Олар «арнайы әдебиетте көне топонимдерді өзгертуіне» байланысты «топоцид» терминін қолданған. Бұл мәселенің анығына зерттеушілер жетері сөзсіз, дегенмен Қазақстан топонимдеріне қатысты «топоцид» патша, одан кейін кеңес өкіметі кезінде орын алғаны белгілі.

# Топонимдердің өзгеру динамикасы

## ТОПОНИМДЕР

№	Кеңес өкіметіне дейін	Кеңес өкіметі кезінде	Қазіргі кезде	Болашақта
1	Тараз/Талас	Әулиеата/Мирзоян/Жамбыл	Тараз	?
2	Шавғар/Яссы/	Түркістан	Түркістан	
3		Семипалатинск	Семей	
4	Қызылжар	Петропавл	Петропавл	
5	Ақмешіт/Форт Петровский	Қызылорда	Қызылорда	
6	Айнакөл	Красноводское	Айнакөл	
7	Құлан	Луговое	Құлан	
8	Сарыкемер	Михайловка	Сарыкемер	
9	Ұзынкөл	Ушаковское	Ұзынкөл	
10	Аймантөбе	Ленино	Аймантөбе	

Көне түркіліктен бастап осы кезге дейінгі еліміздің топонимдерін зерттеп, қай кезде қандай атауға ауысқанын, қай елді-мекен, қала жойылып, қайсысы қалыптасқанын анықтап, олардың шығу тегін айқындасақ, сөздіктер құрастырып, картаға түсіретін болсақ, Қазақстан тарихын айнаға салғандай болары сөзсіз.

Топонимдердің тілдік қабаты ерекше болғандықтан топонимдердің беретін ақпараты тіл иелерінің аялық білімінен асып түсетіні анық, сондықтан да Қазақстан топонимдерінің болашағы үшін мұндай зерттеулер, сөздіктер аса қажет.